**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**
**ҚАЗАҚСТАН ТУРИСТІК ОДАҒЫ**

# "Қазақстанның кластерлік-инновациялық даму жағдайында туристік және географиялық өлкетану" атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциянын МАТЕРИАЛДАРЫ

(Алматы қ., 26-27 сәуір 2013 ж.)

# МАТЕРИАЛЫ Международной научно-практической конференции «Туристическое и географическое краеведение в условиях кластерно-инновационного развития Казахстана»

(г.Алматы, 26-27 апреля 2013г.)

# MATERIALS of International Scientific Practical Conference "Tourist and Geographic Area Studies in Condition of Cluster and Innovative Development of KAZAKHSTAN"

(city of Almaty, 26-27 APRIL 2013)

**Алматы 2013**

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

### КІРІСПЕ СӨЗ / ВСТУПИТЕЛЬНОЕ СЛОВО / ENTRANCEWORD


*Жумагулов БакытжанТурсынович* ........ 1
*Нөкетаева Динар Жүсіпəліқызы* ........ 2


### БАЯНДАМАЛАР / ДОКЛАДЫ / REPORTS


***Танысбаев Куат Муратович***
Основные направления кластерно-инновационного развития туризма Республики Казахстан........ 6
***Тарасенко Елена Ивановна***
Детско-юношеский туризм – стратегический ресурс инновационного образования» ........ 7
***Мазбаев Орденбек Билисбекович***
Қазақстан туризмінің даму сатысындағы өзекті мəселелер ........ 9
***Таня Михалич***
Sustainabilitiy and responsility in tourism: case of Slovenia (Усточивое развитие и ответственность в туризме: опыт Словении) ........ 11
***Смирнов Дмитрий Витальевич***
Кластерный подход в реализации дополнительного профессионального туристко-краеведческого образования педагогических кадров ........ 17
***Мамырова Куляш***
География пəні арқылы өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру жəне оның туризмдегі рөлі ........ 25


### Бірінші секция. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨЛКЕТАНУ ТУРИЗМІ: ҚАЛЫПТАСУЫ,МƏСЕЛЕЛЕРІ ЖƏНЕ ДАМУ БОЛАШАҒЫ
### Первая секция. КРАЕВЕДЧЕСКИЙ ТУРИЗМ В КАЗАХСТАНЕ: СТАНОВЛЕНИЕ, ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ
### First section. AREA STUDIES TOURISM IN KAZAKHSTAN, ITS FORMATION, DEVELOPMENT AND PERSPECTIVES


***Шаяхметова Г.М.***
Комплексный подход к формированию туристско-краеведческих компетенций в системе непрерывного туристско-краеведческого образования ........ 29
***Низамиев А.Г., Артыкбаева С.Ж.***
Ошская область как объект краеведческого туризма(предпосылки, проблемы, предложения) ........ 33
***Мазбаев.О.Б., Асубаев Б.Қ.,Тоқпанов Е.А.***
Туризм сферасының дамуының теориялық əдіснамалық аспектілері» ........ 36
***Надыров Ш.М., Ахбаева Д.Ж.***
Алматы облысында туризмді дамытудың экономикалық маңызы ........ 42
***Мазбаев О.Б., Алишева .Р.Т.***
Туризм Казахстана. Состояние. Проблемы. Пути развития ........ 45
***Надыров Ш.М., Жақыпбекова А.Е.***
Сырдария өзені жағалауындағы туризмді дамыту жобалары ........ 47
***Бейсенова А.С., Алиаскаров Д.Т., Аргимбаев Д.Б.***
Природные предпосылки для развития туризма в Алматинской области ........ 50
***Сағындықов А.***
Оңтүстік Қазақстан өңірінің туристік мүмкіндіктері ........ 51
***Мылқайдаров Ə.Т., Лесбекова Н.Ж.***
Алматы - Ұлы Жібек жолының басты нысаны ........ 54
***Түсіпбекова Г.М., Қалиева Ғ.Д.***
Қазақстандағы этнотуризмнің болашағы мен мүмкіндіктері ........ 56
***Калиаскарова З.К., Алиева Ж.Н.***
Жамбыл облысындағы қызмет көрсетудегі туристік кəсіпкерліктің ролі ........ 59

…ландыратын жобалар құрастырылуда. Олар жергілікті тұрғындардың күші арқылы …графиялық туризмнің орнықты дамуына бағытталған. Оның мүмкіндіктері туризмнің өзге …ларынан еш кем емес. Этнотуризмнің бағыттары көп. Көшпенділердің дәстүрі көптеген елдерді …ықтырады.

Қазақстанда Ішкі жалпы өнімдегі туризмнің үлесін 10 пайызға жеткізу мүмкіндігіне келетін …ақ,2020 жылға дейін жеткілікті уақыт бар. Егер біз этнографиялық ауылдарды дұрыс …мдастыра алсақ, Қазақстанның барлық өңіріне туристерді көп тарта аламыз. Бұл үшін онда …гілікті тұрғындардың көмегімен этнографиялық ауылдарды құрастыру қажет. Бізде оған қажетті …лық негіз бар [3].

Жалпы этнографиялық туризм арқылы халқымызды әлемге таныстырудың мүмкіндігі өте зор. … этнографиялық туризм арқылы біз мәдениетіміз бен ғылымымызды ежелгі замандардан-ақ …ары дамығанын көрсете алсақ, Қазақстанды әлемге таныту үрдісі жылдамдары күмәнсіз.

Этнотуризмнің Қазақстанды әлемге таныту рөлі ерекшелену үшін «ЕХРО-2017» әлемдік …месін ұлттық өнердің тынысын ашуға толығынан пайдаланукерек.

Туризм индустриясында этнотуризмнің алар орны ерекше. Осыған қарамастан бұл саланың …ы елімізде әлі күнге дейін кенжелеп келе жатыр. Туристік көрмелерде ұлттық қолөнерді белсенді …ден асихаттау 2017 жылы Астанада өтетін төрткүл дүние құлақ түріп отырған «ЕХРО» көрмесі …өнершілердің тынысын ашатындай.

Егер технологияны үздіксіз жетілдіріп, өнім түрлерін көбейтуге тұрақты түрде ден қойса, …өнердің шығармайтын шыңы жоқ.

Жалпы этнографиялық туризм арқылы халқымызды әлемге таныстырудың мүмкіндігі өте …

Қазақстан үшін туризм саласының ең маңызды бір бағыты – этнотуризмді кеңінен өрістету …гі күннің басты талабы деуге болады.


1. К. Сыдиықов «Қарашаңырақ». Алматы, 2001.
2. Аманжолов Қ. Р. Түркі халықтарының тарихы. 1-2 кітаптар, А., 2002.
3. Золотая книга Алматы -2000. - Алматы: Кайнар, 2000.


## ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕГІ ТУРИСТІК КӘСІПКЕРЛІКТІҢ РОЛІ


***Калиаскарова З.К.,***
*г.г.к., доцентәл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ.)*
***Алиева Ж.Н.,***
*г.г.к., доцент әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ.)*


Жамбыл облысы Қазақстан Республикасының туризмді дамытудағы аймақтың тартымдылығын …ындайтын ғажайып табиғи нысандары және мәдени-тарихи мұрасының ескерткіштеріне бай …тіктегі территориясында орналасқан. Облыс Қазақстан Республикасындағы туристік өнімнің …дерінің бірі болып табылады және жер бедерінің жоғарғы деңгейлі тартымдылыққа ие …дарының қатарына жатады [1].

Туризмнің дамуына көптеген факторлар әсер етеді, оның жоғарғы қарқынмен дамуы жалпы …ақұрылымның жағдайымен тығыз байланысты.

Алдымен туризмнің қызмет көрсетудегі орнын айқындап алайық. Әрине, туризм саласының …і қызмет көрсетудегі алатын маңызды орны бөлек. Біріншіден, туризмнің өзі туристерге қызмет …тумен түсіндіріледі. Екіншіден, туристік индустрияның құрамына енетін мекемелердің барлығы …мет көрсету орындары болып табылады. Сол үшін туристік индустрияға анықтама бере түсейік. …мен, туристік индустрия дегеніміз – ол материалдық-техникалық базалардың құрылуын, …тік ресурстардың пайдалнылуын, туристік қызметтердің айырбасталуын, қолданылуын, …риалды не материалды емес сала өнімдерінің өндірісін қамтамасыз ететін мекемелер мен …дар жиынтығы. Мен оны қызмет көрсету кәсіпорындарының жиынтығы деп те айтар едім.

Жалпы, туристік индустрияның мекемелері мен орталықтарын, кәсіпорындарын үш топқа …еді [2]:

1 Демалыс орындары мен маршруттардағы туристік экскурсиялық қызмет көрсету мекемелері (турбазалар, қонақ үйлер, кемпингтер; саяхат және экскурсия бюролары; арнайы көлік, туристік-экксκурсиялық тасымалдау; демалу орындары мен туристік орталықтары туристерді сауықтыру орындарымен, сувенир мен басқа туристік тауарлармен қамтамасыз ететіндер).

2 Демалыс орындарындағы туристерге, жергілікті халыққа тұрмыстық, мәдени-танымдық, сауда қызметтерін көрсететін мекемелер (жолаушылар көлігі, қонақ үйлер, ауруханалар, дүкендер, кинотеатрлар, клубтар).

3 Материалдық-техникалық базаларды құру мен пайдалануды қамтамасыз ететін өнеркәсіп орталықтары және оларға еңбек құралдарын, шикізат, құрал-жабдықтар жеткізетіндер, сонымен қатар туризм саласына білікті мамандар даярлайтын мекемелер.

Сонымен, жоғары аталғандардың барлығы қызмет көрсету кәсіпорындары болып табылатынына ешкім қарсы емес. Біз туризмнің қызмет көрсетудегі орнын қарастыра отыра, оның тек қана орнын емес, жалпы көп бөлігі қызмет көрсетуден тұратынына көзіміз жетті. Яғни, туризмнің өзі – қызмет көрсету кәсіпорындарын біріктіретін сала деп те айтуға болады [3].

Экономиканың маңызды салалаларының бірі ретінде туризмнің тек өзіне тән бірқатар айрықша белгілері де бар, солар арқылы халық шаруашылығының басқа салаларынан бөлініп тұрады. Басты айрықша ерекшелігі – өндіріс пен өнімді тарату уақытының бірлестігі. Яғни туристік қызметтер белгілі бір жерде орындалады, сол жерде жүзеге асырылып, тұтынушымен тұтынылады. Екінші ерекшелігі – оның өнімдері артығынан шығарылып, бір жерде сақатылынып, өз сатып алушысын күһүтіп тұрмайды. Туристік қызмет көрсетудің келесі бір ерекше айырмашылығы – қызмет өндірісіне дейін өндіріс нысанына тұтынушыларды тасымалдап, жеткізу.

Туристік қызмет көрсетудің түпкі мәнін түсіну үшін туристік қызмет көрсету үрдісінің түрін білу керек. Туристік қызмет көрсету дегеніміз туристерге саяхат кезінде, заттар сатып алған кезде әр түрлі қажеттіліктерін қамтамасыз етіп,көмектесу. Бұл үрдістің кешенді түрі келесі анықтауыштар арқылы анықталады:

- туристерге әр түрлі технологиялық өндіріс пен қызмет көрсетудің түрлі жағдайындағы қызметтердің ұсынылуы;
- туристік қызмет көрсету материалдық-техникалық базаларда (қонақ үйлерде, мейрамханада, көлікте, спорттық құрылымдарда, денсаулық сақтау мекемелерінде) орындалады;
- туристерге ұсынылған тауарлар мен қызметтер әр түрлі іс-әрекет барысында пайда болған. Олардың кейбіреулері арнайы туристік ұйымдарда, екіншілері – халық шаруашылығынын салаларында: көлік, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, денсаулық сақтауда пайда болған;
- қызмет әр түрлі кәсіптік дайындықтағы және білім деңгейіндегі адамдармен көрсетіледі.

Ал енді туристік саланың дамуына қызмет ететін Жамбыл облысы аймағында жұмыс істейтін мекеме, кәсіпорындарға тоқталып өтейік.

Жамбыл облысында автомобиль және темір жол жолдарының кең желісі бар. Ол арқылы Қазақстан Республикасында орналасқан халықаралық коридорлардың бірі «Ташкент – Шымкент – Тараз – Бішкек – Алматы - Хоргос» өтеді. Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының ұзындығы 4785 км құрайды, оның ішіндегі 847 км 200-ге жуық жасанды құрылыстары бар жол республикалық маңызға ие. Темір жол магистральдары облыстың оңтүстігі арқылы батыстан шығысқа қарай және шығысы арқылы оңтүстіктен солтүстікке қарай созылған. Эксплуатациялық жолдардың ұзындығы 1102 км құрайды. Темір жол бойындағы коммуникация құрамына 66 станция және 3 торпаты жолдар кіреді: Жамбыл, Луговой және Шу [4].

Жүйелі түрде өтетін Тараз – Астана авиарейстері бар өзінің әуежайы бар.

Облыста қазақ және орыс драма театры, филармония, 5 мұражай, 219 кітапхана, 143 клубтар мен мәдениет үйлері жұмыс істейді. 284 адамға арналған 10 қонақ үй қызмет көрсетеді.

Тараз қаласында Қазақстан суретшілері картиналарының салон-галереясы, облыстық тарихи-өлкелік мұражай бар. Талас өзенінің бойында Т. Рысқұлов атындағы шипажай батпақты ванналармен ендейтін "Құрылысшы" шипажайы орналасқан, ал Меркі шатқалындағы шыпажай радонмен емдейді [5].

Жамбыл облысында туристік қызмет көрсетілімінің жоғарғы қарқынмен өсуі 2008 жылға дейін байқалады. (сурет 1).




Сурет 1. Жамбыл облысындағы қызмет көрсетілген туристер саны

Жоғарыдағы 1 суретке сәйкес, 2005-2009 жылдар аралығындағы туристік фирмалармен қызмет көрсетілген туристер саны берілген. Сонымен, 2005 жылы толығымен – 6797 адам, 2006 – 7578 адам, 2007 – 12237, 2008 жылы – 4708, 2009 жылы – 4286 адамға қызмет көрсетілген.

Қазіргі күні облыс Қазақстан Республикасы бойынша келетін туристерінің саны бойынша 9 орын алады. 2010 жылы қаңтар-қыркүйек айлары арасында келген қызмет көрсетілгендердің: кіру туризмі бойынша – 158, сыртқы туризм – 531, ішкі туризм – 959 адам тиесілі (сурет 2).




Сурет 2. Облыстағы 2010 жылғы туризм түрлері бойынша қызмет көрсетілгендердің үлесі (%) [автордан]

Облыстың нашар жағы болып жалпы туристік инфрақұрылымның дамымауы, халықаралық деңгейдегі қонақ үй және көңіл көтеру кешендерінің жоқтығы табылады [6].

Жамбыл облысындағы туристік саланың дамуына талдау жасау 1991 жылдан 2000 жылға дейінгі құлдырау кезеңі және туристік іс-әрекеттегі нарықтық қатынастардың пайда болуы кезінде максимальді түрде әлеуметтік және спорттық туризмнің қысқаруы және ішкі және кіру туризміне қарағанда шығу туризмінің үлесінің максимальді түрде басым болып келуі байқалады. Осы кезеңде тұтаста Қазақстан Республикасының барлық территориясындағыдай туризмнің дамуына қаражат бөлу қысқартылды. Қазақстан Республикасындағы нарықтық қатынастардың пайда болуы мен қалыптасуы әлеуметтік және балалар-жасөспірімдік туризмнің жүйесінің бұзылуына алып келді [7].

2004 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін облыс туристік саладағы экономикалық және ұйымдастырушылық реформалардың өткізідуімен және кіру туризмінінің көрсеткіштерінің артуымен, бюджеттік қаржыландырудың артылуымен, Жамбыл облысы бойынша кластерлік туристік бағдарлама жобасының қабылдануымен сипатталатын жаңа кезеңге өтті.

Қазіргі уақытта облыстағы туристік сала нарығында мемлекеттік лицензиясы бар 22 туристік фирма, 10 орналастыру нысандары және келушілерді орналастырумен айналысатын 27 жеке секторындары бар.

Жамбыл облысындағы аудандардың барлығында дерлік тарихи-мәдени ескерткіштер бойынша экскурсиялар ұйымдастырылып, белгілі маршруттар қалыптасқан. Дегенмен, керемет маршруттардың ұсынылуына қарамастан, туристік кәсіпкерлік дамымай отыр. Бұған басты себеп болып туристік фирмалардың нашар материалдық-техникалық жабдықталуы; облыстағы қымбат емес қонақ үйлер мен кемпингтердің жоқтығы; туристік кәсіпкерлікті дамыту үшін ұзақ мерзімді кредиттердің бөлінбеуі табылады [6].

Соңғы кездерде жаңадан қосылған ішкі және сыртқы туристерге қызмет көрсететін бірнеше нысандар пайда болды (кесте).

Жамбыл облысындағы жаңадан қосылған қызмет көрсету орындары*

| № | Атауы | Қызмет саласы | Орналасқан жері |
|---|---|---|---|
| 1 | «Ақпараттық технологиялар» ЖШС | Кеңселік жабдықтауға техникалық қамтамасыз ету | Тараз қ. |
| 2 | «Феникс» қонақ үйі | Туристік қызметтер, қонақ-үйлер | Тараз қ. |
| 3 | «Сұлтан» қонақ үйі | Туристік қызметтер, қонақ-үйлер | Тараз қ. |
| 4 | «Роза» қонақ үйі | Туристік қызметтер, қонақ үйлер | Тараз қ. |
| 5 | «Жамбыл» қонақ үйі | Туристік қызметтер, қонақ үйлер | Тараз қ. |
| 6 | «Анель» қонақ үйі | Туристік қызметтер, қонақ үйлер | Тараз қ. |
| 7 | «Керемет» қонақ үйі | Туристік қызметтер, қонақ үйлер | Тараз қ. |
| 8 | «Офелия» мейрамханасы | Қоғамдық тамақтандыру қызметтері | Тараз қ. |
| 9 | «Мирас» мейрамханасы | Қоғамдық тамақтандыру қызметтері | Тараз қ. |
| 10 | «Жасмин» мейрамханасы | Қоғамдық тамақтандыру қызметтері | Тараз қ. |

*Дерек көзі: Жамбыл облысының ресми сайты

Жоғарыдағы 6 кестені талдап өтетін болсақ, жаңадан қосылған қызметтердің ішіндегілер қонақ үйлер және мейрамханалар табылады. Байқағанымыздай, бұл жаңа туристік қызмет орындарының көбі Тараз қаласында шоғырланған.

Жамбыл облысында 4 профилакториялық-санаторий және 10 қонақ үй бар. Тараз қаласында шетелдік қонақтарды қабылдайтын 3 қонақ - үй бар. Олар - "Тараз", "Жамбыл" және "Газовик" қонақ үйлері. Бұлардың ішінде "Жамбыл" қонақ үйі ғана «ИСО 9000» жүйесінің сертификатына байланысты қонақ үйге модернизациялык техникалық жұмыстары жүргізген.



Сурет 3. Орналастырумен айналысатын жеке кәсіпкерліктердің саны [автордан]

3 суретте көрсетіліп тұрғандай, облысқа келушілерді орналастырумен айналысатын жеке кәсіпкерліктердің саны 2010 жылы 27 болды. Ал 2006 жылы олардың саны не бәрі 11 жеке орналастыру мекемелері болған екен. Одан кейінгі жылдары жоғары қарқынмен өсе түскен. 2007 жылы 28 болса, 2008 жылы 31-ге жеткен. Ал 2009 жылдан бастап дүниежүзілік экономикалық құлдыраудың әсерінен олардың саны 4-ке кеміді.

Жамбыл облысындағы бәсекелестік басымдылығын ғажайып мәдениеті (тарихи туризм), көркем жабайы табиғаттың болуы (экологиялық туризм: шатқал, бархандар бойынша 5 автобустық-жаяу туристік маршруттар ұйымдастырылған, альпинизм, биік таулы мұздықтар, таулы трекингтер үшін классификацияланған маршруттар бар), сонымен қатар, спорттық туризм және шытырманды туризм сынды белсенді демалыс түрлерімен айналысу мүмкіндіктердің ұсынылуы қамтамасыз етеді. Суқоймалық аймақтарда демалыс зоналарын салуға, көркем жерлер бойынша атпен серуендеулер ұйымдастыруға болады. Туристерге ұлттық би, ән, әуен, ойындармен, халықтық билермен танысу қызығушылық тудырады. Шытырман оқиғаларды жақсы көретіндер үшін тауға жорықтар жасауға

болады. Аймақ парапланеристтер үшін де қызықты, бұл жерде әлемдік «ауа» рекордтарын жасау үшін барлық жағдайлар бар.

Өкінішке орай, аймақтың туроператорлары бүгінгі күні туризмнің қандай түрін дамыту керектігін әлі білмейді. Туризмді дамытудың Мемлекеттік Бағдарламасында ұсынылған облыстағы туризмді дамытудың міндеттері болып келесілер табылады: 1) «Алматы – Тараз – Шымкент – Ташкент – Самарқанд – Үргенч – Бішкек – Рыбачье – Алматы» маршруты арқылы өтетін халықаралық туристік «Ұлы Жібек жолының маржаны» атты поезд ұйымдастыру және 2) Тараз қ.-нда («Тектұрмас» архитектура кешенінің территориясында), Байзақ ауданында (ежелгі қалашық «Ақыртас» территориясында) және Жуалы ауданының Б. Момышұлы ауылында. қымбат емес қонақ үйлер желісінің құрылысын салу (сурет).

Облыс «Ұлы Жібек Жолының тарихи орталықтарының қайта пайда болуы, түркі-тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын дамытуды сақтау, туризм инфрақұрылымын қалыптастыру» Мемлекетттік бағдарламасына енгізілді. Заманауи жоғары деңгейлі. Бәсекеге қабілетті туристік кешенді қалыптастыру мен бұл саланы экономиканың жоғары табысты секторына айналдыру мақсатын ұстанатын Жамбыл облысында 2006-2008 жылдардығы туристік саланы дамыту бағдарламасы бекітілген болатын [8].

Дегенмен, осы күнге дейін туризмнің қай түрі басымырақ болып келетіні жайлы түсінік қалыптаспаған, өз тұтынушыларын, басқаша айтқанда «туристер елдерін» танымау мәселелері бар.

Туристік қызметтерді тасымалдаушылар болып мейрамханалар, қонақ үйлер және туристердің қауіпсіздігімен айналысатын ұйымдар табылады. Бүгінгі күні берілген сектордың туристік агенттіктермен өзара қатынасы жеткілікті түрде дамымаған.

Келесідей мәселелерді атап өткен жөн болар:

- аймақтың туристік саласын дамыту стратегиясының болмауы;
- жеке меншік жер пайдаланушылықта туристік тартымды экологиялық территориялардың табылуы (50 жылға дейінгі мерзімде), олардың облыстың табиғатының бай генофондын бұзуға себеп болатын мал шаруашылығына пайдаланылуы;
- ішкі және кіру туризмінің дамуына ықпал ете алатын жазық даладағы көлдердің маңайында қажетті жағдайлар ұсынылған демалыс зоналарының, қатпарларда кемпинг-турбазалардың болмауы;
- танымдық-жарнамалық, ақпараттық буклеттердің, облыстың картографиялық өнімдерінің, бейнероликтердің, сувенирлік жиынтықтардың жеткіліксіздігі және жарнамалық-ақпараттық мәліметтердің әлемдік стандарттарға сай келмеуі;
- табиғи территорияларды қорғау жүйесінің дамымауы;
- облыстағы халықаралық және республикалық деңгейдегі туристер үшін ұйымдастырылуы мүмкін шаралардың жоқтығы;
- туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- кадрлерді даярлау және ғылыми қамтылу.

Перспективті бизнес-жобалардың арасынан Берікқара шатқалындағы «Тау самал» туристік базасын және Жуалы ауданының таулы аудандарындағы «Ақсай» ірі туристік орталығын атап өтуге болады.

Қонақжайлылық туризм белсенді түрде дамып келеді. Ақсу Жабағылының өзінде арнайы даярланған ауыл жанұяларының үйлерінде жыл сайын цивилизация тимеген табиғат бұрыштарында болғысы келетін ондаған шетелдіктер қабылданады. Басым түрде мұндай кәсіпкерлік халықаралық ұйымдардың гранттары және кәсіпкерлікті дамытудағы Жамбыл аймақтық орталығымен қаржыланады. «Тау клубы «Жамбыл Манас»» Жамбылдық қоғам бірлесітігімен «Көксай Таңкеріс – Эрем – Сақинасының», «Ақ Барыс альпинизм федерациясы» жобасы бірге дайындалуда, Бүкіләлемдік Туризм күні қарсаңына түрлі шаралар ұйымдастырылу жоспарлануда. «Золотой караван» туристік орталығы Тараз бойынша бірнеше экскурсия маршруттарын құрастырды: Талас өзенінің төменіне қарай шатқалдарға баурмен қоса; Таразда Алматы қаласынан Түркістанға баратын жолаушыларды қабылдап алуды ұйымдастырады; жергілікті көрікті орындармен таныстырады.

Келесі маңызды айта кетерлік жайт болып 2007 жылы 8 ақпанда Жамбыл облысындағы туристік кластерді қалыптастыру мен дамытуды алға жылжытуға ықпал ететін жеті ұйым енген Жамбыл туристік индустрия ассоциациясы ашылуы табылады [9].

Бірақ та бұл жобалардың ауқымы перспективті туризм түрлері – топтық, танымдық, экологиялық, емдік, сауықтыру және балық пен аң аулау туризмін дамыту үшін табиғи туристік ресурстармен үйлеспейді.

1 Айзахметов А. Тайна камней Акыр-Таса // Тараз: Знамя труда от 7 января 2006 года
2 Алиева Ж.Н. Туризмология негіздері // Оқу құралы. – Қазақ университеті. 2004 ж. 172 б.
3 Әмзаұлы Ә. Тарихи-мәдени ескерткіштердің бүгіні мен ертеңі //Ақ жол. – 2005-8 сәуір.
4 Әуелбеков З., Әлімбаев Б., Бар байлықты пайдалан білейік: Жамбыл облысының өзендерінің су ресурстарын пайдалану мәселелері //Ақ жол. – 2005-13 желтоқсан.
5 Бөкейханқызы Р. Туризм – мемлекеттің жарнамасы: елімізде туризм саласын дамыту жайында // Қала мен дала. – 2006-16 маусым.
6 Сарыбай Б. Туризм – табыс көзі (Тараз қаласы туралы) // Дала мен қала. - 2005-1 шілде
7 Мауленов Б. Тарихын таспен жазған халықпыз: Тараз төңірегіндегі тас мүсіндер, Ақыртас деген қала туралы // Дала мен қала. – 2006-28 шілде.
8 Әбіл А., Мамыт А. Жамбыл өңірінде жүзеге асырылып жатқан оң істер көп // Ақ жол. – 2005-9 сәуір.
9 Ахметова Қ. Туризм – мемлекеттік имиджі: Жамбыл облысындағы туризмнің дамуы // Евразия. – 2006.

**Резюме**

Статья посвящена анализу предпринимательской деятельности в области туризма в Жамбылской области.

**Түйіндеме**

Мақала Жамбыл облысының туризм саласында кәсіпкерліктің даму жағдайына арналған.

## ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ «ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ» БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

***Ақашева Ә.С.,***
*г.г.к., доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*
***Дүйсебаева К.Ж.***
*г.г.к., доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*
***Алимбекова Г.Т.,***
*4 курс студенті, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. (Алматы қаласы)*

Ұлы Жібек Жолы – ежелгі керуен жолдарының жүйесі , ол Қытайдан басталып , Европа елдерінде аяқталады.

Өзімізге белгілі бұл жолдың көп бөлігі Орта Азия мен Қазақстан арқылы өтеді. Ұлы Жібек Жолы – Азиядағы сауда , керуен жолдарының жалпы атауы. б.з.д. ІІ – ғасырдан біздің заманымыздағы ХYІ – ғасырға дейін Орта азия арқылы Қытайды алдыңғы Азиямен байланыстырды.

Чжан Цяньның жасаған саяхаты нәтижесінде б.з.б. ІІ–ғасырда ашылды. Жібек Жолы тек сауда жолы болған жоқ, мұнда екі түрлі өркениет – Шығыс пен Батыс, өз мәдениетімен, дінімен, ғылыми – техникалық жетістіктерімен кездесті. Әрине, тарихта көп нәрселер сақталмады, оған себеп, сол кездегі әр түрлі жаугершілік соғыстар болды. Соғыстың зардабынан көптеген қалалар қирап, жойылып кетті.

Ұлы Жібек Жолы – жалпы адамзат тарихындағы аса бір маңызды жетістіктердің бірі. Ол Европа және Азия мен Жерорта теңізінен бастап Қытайға дейін кесіп өтіп, сол заманғы Батыс пен Шығыс мәдениеттері арасындағы маңызды сауда қатынасы болған. Ұлы Жібек Жолы арқылы сауда дипломатиялық байланыс І – ІІ – ғасырлар аралығында мейлінше дамыды.

YІІ –Х – ғасырларда жолдың халықаралық маңызы арта түсті. Х – ХІІ – ғасырдан бастап Ұлы Жібек Жолы Іле аңғарын оңтүстік – батыстан, солтүстік шығысқа қарай кесіп өтетін. Осы Х – ғасырдан бастап , Іле аңғары бойындағы сауда жолы жандана бастайды. Бұл жерге Қордай асулары арқылы келеді.

Ұлы Жібек Жолы қазіргі Қастек, Қаскелең және Алматының орнындағы кіші қалашықтарды басып өтіп, Талғардың солтүстік жағындағы Талһиз транзитті сауданың үлкен орталығы болады. Талһирдан жол екіге айрылатын. Біріншісі – Оңтүстік Іле , қазіргі Есік, Түрген, Шелек арқылы өтетін , сосын Іленің оң жағасымен Хоргос арқылы Алмалыққа жететін. Екіншісі – солтүстік жол Талһиздан басталып, Ілеге, Қапшағайға жақын жердегі өткелге және